

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 843	▲ 0,10%	▲ 16,6%
NASDAQ	22 578	▲ 0,14%	▼ -2,8%
DJIA	49 533	▲ 0,07%	▲ 16,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	20	▼ -4,29%	▲ 13,2%
Еуропа			
FTSE 100	10 556	▲ 1,05%	▲ 27,8%
DAX	2 123	▲ 0,24%	▲ 24,5%
Азия			
Hang Seng	26 706	▲ 0,52%	▲ 36,1%
Nikkei 225	56 814	▼ -0,22%	▲ 42,4%
Shanghai SE	4 082	▼ -1,26%	▲ 25,1%
Қазақстан			
KASE	7 587	▼ -0,72%	▲ 33,6%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,10%-ға өсіп, \$6 843,22 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,14%-ға көтеріліп, \$22 578,38 болды; DJI 0,07%-ға қымбаттап, \$49 533,19 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 7-і сауда барысында төмендеу көрсетті. Негізгі аутсайдерлер Consumer Staples (-1,7%), Information Technology (-1,2%) және Energy (-1,2%) секторлары болды. Ал өсім Real Estate (+0,9%), Financials (+0,8%) және Industrials (+0,2%) секторларында тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 597 158 630 433	▲ 0,2%	-1,4%	6,5%
Consumer Discretionary	6 520 589 280 592	▲ 0,0%	2,2%	9,9%
Consumer Staples	3 668 739 902 972	▼ -1,7%	5,3%	10,9%
Energy	1 891 984 193 446	▼ -1,1%	-13,6%	14,9%
Financials	7 980 068 025 883	▲ 0,8%	-2,9%	2,2%
Industrials	5 367 239 349 150	▲ 0,2%	5,4%	26,5%
Information Technology	19 341 151 464 738	▼ -1,2%	-0,4%	47,2%
Materials	1 170 481 438 615	▼ -1,0%	11,1%	18,5%
Real Estate	1 195 368 084 765	▲ 0,9%	3,8%	-0,7%
Utilities	1 367 079 089 523	▼ -0,2%	7,9%	19,8%
Health Care	5 746 099 978 641	▼ -0,2%	0,2%	8,2%

Бұған дейін америкалық қор нарығы сауда сессиясының әлсіз басталуынан кейін қалыпты өсімге ауыса алды. Индекстерге технологиялық компаниялар акцияларының бұрынғы минимумдардан қалпына келуі және қаржы секторындағы оң динамика қолдау көрсетті.

Алдыңғы аптада инвесторлардың көңіл-күйі едәуір шиеленісті болды. Жасанды интеллекттің дамуы дәстүрлі бизнес-модельдердің тұрақтылығына нұқсан келтіруі мүмкін деген алаңдаушылық софтверлік компаниялар, брокерлік фирмалар және көлік саласы өкілдерінің акцияларын жаппай сатуға әкелді. Нәтижесінде Уолл-стриттің үш негізгі индексі қараша айының ортасынан бергі ең ірі апталық төмендеуді тіркеді.

Ingalls & Snyder компаниясының аға портфельдік стратегі Тим Грискидің айтуынша, нарықта инвесторлардың қаражатын қай бағытқа салғысы келетініне қатысты бірнеше қарама-қайшы үрдістер қатар байқалуда. Бұл айқын құбылмалылыққа әкеліп, бағалардың жоғары және төмен бағытта жиі күрт өзгеруіне себеп болуда.

Нарық қатысушыларының назары сондай-ақ Федералдық резервтік жүйе өкілдерінің мәлімдемелеріне аударды. ФРЖ-ның қадағалау жөніндегі басшысы Майкл Барр қысқа мерзімді кезеңде жасанды интеллекттің енгізілуі еңбек нарығында елеулі күйзелістер туындатуы мүмкін екенін, алайда ұзақ мерзімді перспективада экономика үшін пайдалы болатынын атап өтті. Ақша-несие саясатына қатысты ол инфляциялық тәуекелдерге байланысты пайыздық мөлшерлемені келесі төмендету жақын арада бола қоймайтынын жеткізді. Ал Сан-Франциско Федералдық резервтік банкінің президенті Мэри Дейли инфляцияны тежеу қажеттігін және осы мақсатта біршама шектеуші ақша-несие саясатын сақтау маңызды екенін мәлімдеді.

Сыртқы саяси факторлар аясында инвесторлар Иранның ядролық бағдарламасына қатысты жағдайды да бақылауда ұстады. Женевада өткен келіссөздерден кейін Иранның сыртқы істер министрі Тегеран мен Вашингтон арасындағы ұзаққа созылған дауды реттеудің негізгі қағидаттары бойынша өзара түсіністікке қол жеткізілгенін хабарлады. Бұл Ормуз бұғазы маңында әскери қақтығыс қаупіне қатысты алаңдаушылықты төмендетті, себебі аталған аймақ арқылы әлемдік мұнай жеткізілімдерінің елеулі бөлігі өтеді.


Геосаяси тәуекелдердің әлсіреуі шикізат нарығына әсер етті. АҚШ пен Иран арасындағы қатынастардың жақсаруы туралы белгілер аясында мұнай бағасы соңғы екі аптадағы ең төменгі деңгейге түсті. Америкалық мұнай бағасы 0,89%-ға төмендеп, барреліне 62,33 долларды құрады, ал Brent маркалы мұнай 1,79%-ға арзандап, 67,42 доллар деңгейіне дейін төмендеді.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	394	0%	44,0%
Банк ЦентрКредит	4 760	0%	107,7%
Kcell	3 385	0%	0,1%
Казатомпром	39 950	-3%	95,3%
КазТрансОйл	997	1%	21,1%
KEGOK	1 463	0%	-3,8%
Kaspi.kz	37 435	0%	-31,7%
КазМунайГаз	24 675	0%	68,7%
Эйр Астана	835	-3%	-26,9%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	489,52	-0,36%	-3,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,86	0,00%	-1,1%
EUR/USD	1,1853	0,03%	1,1%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.